

Қорыта келе Жанкент қаласының тарихи маңызын Жасанды интеллект (ЖИ) арқылы көрсетудің тиімділігі айқын көрінді. ЖИ-ді қолдану арқылы тарихи сипаттамалар мен археологиялық деректерді визуалды әрі шынайы кескінге ауыстыру мүмкін болды.

[4,62 б]. Бұл әдіс Жанкенттің тарихын тек құрғақ мәтінмен емес, интерактивті, көзбен көруге болатын форматта ұсынуға жол ашады. ЖИ визуалды тұтастықты қамтамасыз етіп, көпшілік үшін, әсіресе жастар үшін, тарихи оқиғаларды қабылдау мен түсіну деңгейін едәуір арттырады. Құрылған 3D модельдің (және ЖИ арқылы алынған визуалды нәтижелердің) тарихи-ғылыми құндылығы зор. Ол нақты тарихи деректерге негізделген болжамдық үлгі ретінде, ортағасырлық сәулеттің ерекшеліктерін айқын көрсетіп, болашақ толыққанды виртуалды мұражай жобалары үшін бастапқы материал (прототип) қызметін атқарады [5,46.б].

Біздің ұсынып отырған цифрлық үлгіміз Жанкенттің тарихын тереңірек зерттеуге сонымен қатар өлкетану сабақтарындағы көрнекті құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ақышев К. А. Байпақов, К.М. Ортағасырлық Қазақстанның қала мәдениеті. - Алматы, Ғылым, 2005. - 401 б.
2. Жолдасбаев С.Ж. Оғыздар тарихы және Жанкент. Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы ҚМУ баспасы, 2018, -141 б.
3. Ибн Хаукал. Китаб сурат әл-ард (Жер бейнесі кітабы). (Ортағасырлық араб деректерінің аудармасы, Жанкент туралы бөлімі). -380 б.
4. Сейітқалиев Қ.Т. Сырдария өңірінің археологиялық ескерткіштері. - Астана: Елорда, 2015, - 68 бет
5. Толстов С.П. Древний Хорезм. - М.: Наука, 1948. (Сырдарияның төменгі ағысы және Янгикентті зерттеу нәтижелері). - 435 б.

### **ЖІБЕК ЖОЛЫ**

**Амренов А.К.**

Ғылыми жетекшісі: PhD, Молдахмет А.А.  
Астана халықаралық университеті  
Moitt2008@gmail.com  
Астана қ.

Жібек жолы - Еуразия кеңістігіндегі ең ірі экономикалық және мәдени жүйелердің бірі. Қазақстан аумағы осы күрделі сауда жолдарының түйісетін орталығы ретінде шығыс пен батыс арасындағы тауар, идея, дін және технология алмасуына жағдай жасаған. Тараз, Құлан, Отырар, Сауран секілді қалалар өңірлік экономиканың тірегіне айналып, Ұлы Жібек жолының негізгі тораптарының қызметін атқарды. Жазба деректерде Қазақстан аумағы арқылы өткен бағыттар VI-XIII ғасырларда гүлдену кезеңіне жеткені айтылады, ал археологиялық зерттеулер бұл мәліметтерді нақтылай түседі. Жібек жолының маңызын тек экономикалық тұрғыда қарастыру жеткіліксіз. Жол бойымен тараған діни ілімдер - буддизм, маниһейлік, кейінгі ислам мәдениеті - өңір халқының рухани кеңістігін өзгертті. Зерттеулер көрсеткендей, мәдениеттер тоғысы жергілікті колонер стилінде, архитектурада, жазба мәдениетінде және әлеуметтік құрылымда айқын көрініс тапқан. Осылайша, Жібек жолын зерттеу Қазақстанның ортағасырлық тарихын, урбанистік дамуын, мәдени байланыстар жүйесін және өркениеттік ықпалын түсіну үшін аса маңызды. Бұл жұмыс Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттарын, олардың урбанизацияға әсерін, қалалардың құрылымдық дамуын және аймақтың халықаралық маңызын археологиялық және тарихи деректер негізінде жан-жақты талдауды мақсат етеді.

Зерттеуде археологиялық есептер, нумизматикалық материалдар, жазба деректер және К.М. Байпақов, В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам сияқты зерттеушілердің еңбектері негізгі дереккөз ретінде пайдаланылды. Салыстырмалы әдіс арқылы Қазақстан қалаларының урбанистік құрылымы Орталық Азиядағы өзге орталықтармен салыстырылды. Кеңістіктік топография тәсілі керуен жолдарының орналасу заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік берді. Жер үсті барлау материалдары арқылы жол бойындағы бекіністер мен қалалардың құрылымдық жүйесі анықталды.

Жібек жолы адамзат тарихындағы ең маңызды сауда және мәдени байланыс жолдарының бірі болып саналады. Ол Қытайдан басталып, Орта Азия арқылы Таяу Шығыс пен Еуропаға дейін созылып жатқан ұзақ және күрделі жолдар жүйесі еді. Бұл жол тек заттық тауарлармен ғана емес, идеялармен,

діндермен, технологиялармен және мәдени ықпалдармен алмасу алаңы болды. Сондықтан Жібек жолы әлемдік өркениеттердің дамуына үлкен үлес қосты. “әл-Мақдиси, әл-Идриси және ибн Хордадбек” еңбектері.

Жібек жолының атауы Қытайда өндірілген жібек матасының Еуропа және басқа аймақтарға сатылуымен байланысты. Жібек сол кезеңде өте қымбат әрі сұранысқа ие тауар болғандықтан, бұл жолды солай атаған. Бірақ жол арқылы тек жібек қана емес, алтын, күміс, асыл тастар, дәмдеуіштер, қағаз, фарфор, темір құралдары және басқа да тауарлар тасымалданды. Сауда керуендері үлкен қауіптерге қарамастан, ұзақ сапарларға шығатын. Себебі бұл сауда экономикаға және мемлекеттер арасындағы қарым-қатынасқа үлкен әсер етті.

Қазақстан аумағы Жібек жолының негізгі тораптарының бірі болды. Себебі біздің жеріміз Еуразияның ортасында орналасқан. Керуендер Жетісу, Сырдария, Отырар, Тараз, Суяб және Баласағұн сияқты қалалар арқылы өтетін. Бұл қалалар тек сауда орталықтары ғана емес, білім және мәдениет ошағы ретінде қалыптасты. Жергілікті халық саудагерлермен қатынас арқылы басқа мәдениеттердің дәстүрлерін, тілдерін және діндерін таныды. Осы арқылы Қазақстан аумағында түркі, қытай, парсы және араб мәдениеттерінің ықпалы байқалды.

Жібек жолы және Қазақстанның тарихи-мәдени дамуының өзара байланысы Жібек жолының бойындағы қалалардың дамуы мен олардың өзара қарым-қатынасы Қазақстан аумағында өркениет пен мемлекеттіліктің қалыптасуына ерекше әсер етті. Бұл жол тек сауда ғана емес, сонымен қатар халықтар арасындағы мәдени, діни және ғылыми өзара ықпалдастықтың арнасы болды. Әрбір қала мен қоныс саудагерлер мен саяхатшылардың уақытша аялдайтын орнына айналып, олардың арқасында Шығыс пен Батыстың рухани байланысы нығайды.

Қалалық өркениет пен сауда орталықтарының рөлі. Археологиялық зерттеулер көрсеткендей, Жібек жолының бойында орналасқан ежелгі қалалар - Тараз, Отырар, Сауран, Сығанақ және Баласағұн - тек сауда орталығы ғана емес, мәдени, ғылыми және діни өмірдің орталықтарына айналған. Әсіресе Тараз қаласы VI-XII ғасырларда үлкен экономикалық маңызға ие болды. Мұнда әртүрлі елдерден келген көпестердің керуендері тоғысып, Қытайдан шыққан жібек маталар, үнді дәмдеуіштері, парсы кілемдері мен Византия әшекей бұйымдары сатылды. Отырар қаласы өз заманында ерекше маңызға ие болды. Бұл қалада ғылыми орталықтар мен кітапханалар болғаны белгілі. Әбу Насыр әл-Фараби сынды ұлы ғалым осы өңірде дүниеге келіп, Жібек жолы арқылы тараған білім мен мәдениеттің символына айналды. Оның еңбектері кейін Еуропа мен Таяу Шығыс елдеріне жетіп, адамзат өркениетінің дамуына үлес қосты. Мәдени және діни өзара ықпалдастық Жібек жолы бойында тек тауарлар ғана емес, идеялар мен сенімдер де таралды. Осы жолмен буддизм, христиандық, манихейлік және кейінірек ислам діні тарайды.

VII-X ғасырларда ислам діні түркі халықтарының арасында кең тарала бастады. Бұл процесс бейбіт түрде жүріп, мәдени және рухани синтезге жол ашты. Ислам дінімен бірге жазу-сызу мәдениеті, ғылым мен білімге деген құрмет те қалыптасты. Қазақстан аумағындағы мешіттер мен медреселердің пайда болуы осы дәуірмен байланысты. Мысалы, Тараз қаласында орналасқан Айша бибі және Бабаджа хатун кесенелері ислам архитектурасының алғашқы үлгілерінің бірі болып саналады. Олар арқылы діни мәдениет пен сәулет өнерінің жоғары деңгейін көруге болады. Жібек жолының саяси маңызы Жібек жолы тек сауда мен мәдениетке ғана емес, саясат пен халықаралық қатынастарға да зор ықпал етті. Бұл жолдың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттер мен тайпалар арасында келісімдер жасалып, дипломатиялық байланыстар орнады. Түрік қағанаты, Қарахан мемлекеті, кейінірек Алтын Орда кезеңінде бұл бағыт стратегиялық маңызға ие болды. Жібек жолының бойындағы мемлекеттер арасындағы бейбіт қарым-қатынастар сауда айналымын арттырды. Сонымен қатар бұл бағыт арқылы елшілер мен саяхатшылар жүріп, елдер арасындағы дипломатиялық қатынастарды дамытты. Мысалы, Қытай елшілері Батыс елдеріне осы жолмен барып, Еуропамен алғашқы байланыстар орнатқан. Экономикалық құрылым және сауда жүйесі Қазақстан арқылы өтетін негізгі сауда бағыттары бірнеше тармаққа бөлінген. Солтүстік бағыт - Жетісу мен Сырдария бойымен өтсе, оңтүстік бағыт - Талас, Шымкент және Тараз арқылы Самарқан мен Бұхараға жалғасқан. Әрбір бағыттың өз ерекшелігі болған. Мысалы, оңтүстік бағытта дәмдеуіштер мен тоқыма бұйымдары сатылса, солтүстік бағытта мал шаруашылығы өнімдері - тері, жүн, ет және сүт өнімдері айырбасқа түскен.

Керуен саудасының ерекше ұйымдасуы да назар аударарлық. Әрбір керуен ондаған түйеден құралған. Керуеншілердің арасында көпес, күзетші, аудармашы және бағыт көрсетушілер болған. Олардың бәрі сауда қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етуге тырысқан. Технология мен қолөнердің дамуы Жібек жолының арқасында Қазақстан аумағында қолөнер мен технологиялар дамыды. Қыштан жасалған ыдыстар, зергерлік бұйымдар, металл өңдеу, қару-жарақ жасау ісі кең таралды. Археологиялық табыстар бұл саланың жоғары деңгейде болғанын дәлелдейді. Мысалы, Тараз

маңынан табылған алтын әшекейлер мен күміс теңгелер сол дәуірдегі шеберлердің кәсіби деңгейін көрсетеді. Білім мен ғылымның таралуы Жібек жолы арқылы тек тауар ғана емес, білім тасымалданды. Шығыс пен Батыстың ғалымдары арасындағы идея алмасу адамзат өркениетінің дамуына ықпал етті. Отырар кітапханасы мен Баласағұн медресесі сияқты орталықтарда астрономия, медицина, математика және философия салаларында еңбектер жазылды. Бұл дәуірде түркі халықтарының тілдері мен әдебиеті де дами бастады. Махмұд Қашқаридің «*Диуани лұғат ат-түрік*» еңбегі түркі тілдерінің байлығын танытса, Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» кітабы мемлекетті басқару мен адамгершілік қағидаларын үйретті. Жібек жолы және табиғи-географиялық факторлар Қазақстан аумағының географиялық ерекшелігі - кең дала, өзен аңғарлары және тау асулары - Жібек жолының бағытына үлкен әсер етті. Сауда керуендері көбіне өзен аңғарларын, мысалы, Шу, Талас және Сырдария бойын таңдаған. Бұл аймақтарда су мен азық мол болғандықтан, керуендерге қолайлы жағдай жасалған. Сонымен қатар климаттық жағдайлар мен табиғи ресурстар да сауда тауарларының құрамын анықтады. Қазақстаннан шыққан негізгі экспорттық тауарлар - мал өнімдері, тұз, металл және аң терілері болса, Қытайдан жібек пен фарфор жеткізілді. Жаңа дәуірдегі Жібек жолының жаңғыруы XXI ғасырда Қазақстан Ұлы Жібек жолының мұрасын қайта жаңғыртуды басты мақсаттардың бірі ретінде қарастырады. Қытайдың «*Бір белдеу, бір жол*» (*Belt and Road Initiative*) стратегиясы аясында Қазақстанның транзиттік әлеуеті айрықша маңызға ие. «Нұрлы жол» бағдарламасы осы халықаралық жобаға үйлестіріліп, заманауи көлік және логистика инфрақұрылымын дамытуды көздейді. Қазіргі таңда еліміз арқылы өтетін теміржол және автомобиль дәліздері Еуропа мен Азия арасындағы ең қысқа бағытқа айналып отыр. *The Silk Road: A New History* және С. Умфилдтың «*Life Along the Silk Road*»

«Қорғас - Шығыс қақпасы» еркін экономикалық аймағы, Ляньюньган портымен серіктестік және Каспий теңізі арқылы өтетін «Транскаспий халықаралық көлік бағыты» - барлығы да жаңа дәуірдің «Жібек жолы» болуда.

Мәдени мұраның сақталуы және туризм. Жібек жолы бойындағы ескерткіштер бүгінде Қазақстанның туристік әлеуетінің маңызды бөлігі. Тараз, Түркістан, Отырар және Сауран қалаларының тарихи нысандары ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген. Бұл нысандар ежелгі өркениеттің дамуын көрсетіп, елдің мәдени-тарихи мұрасын сақтау ісіне үлес қосып отыр. Туризм саласында Жібек жолының мәдени бағытын дамыту арқылы еліміз өз тарихын насихаттап, экономикалық табысқа да жетуде. Осы мақсатта «Жібек жолы бойындағы Қазақстан» халықаралық туристік жобасы іске қосылған. Бұл бағдарлама тек тарихи мұраны дәріптеу ғана емес, заманауи инфрақұрылымды дамытуға да бағытталған. Қоғамдық сана және тарихи жад Жібек жолы - тек өткеннің көрінісі емес, ұлттық бірегейліктің де символы. Ол халықтардың өзара сыйластығы мен бейбіт өмір сүруінің үлгісін көрсетеді. Бүгінгі күні осы идеялар Қазақстан халқының рухани жаңғыруының маңызды бөлігіне айналып отыр. В.В. Бартольдтың «*Тюрки и Великий шелковый путь*» және «*Отчет о поездке в Среднюю Азию 1893-1894 гг.*».

Жібек жолының рөлі тек саудамен шектелмейді. Зерттеу көрсеткендей, ол қалалардың саяси құрылымына, әлеуметтік стратификациясына және идеологиялық өміріне тікелей ықпал еткен. Құлан мен Тараздың археологиялық материалдарын салыстыру арқылы екі орталықтың да сауда қатынастарының кең болғаны анықталды. Сонымен қатар, қалалардың қорғаныс жүйесі - дуалдар, мұнаралар, цитадель - Жібек жолы бойындағы қауіпсіздіктің басымдыққа ие болғанын дәлелдейді. Зерттеу барысында анықталған тағы бір мәселе - жолдың трансөлкелік мәдени байланысты күшейткендігі. Қытай фарфоры, Иран әшекейі, түркі керамикасы бір археологиялық кешеннен табылуы өңірдің халықаралық байланыстардың орталығы болғанын көрсетеді.

Жібек жолы Қазақстанның тарихи-мәдени дамуына және өңірлік интеграцияға айрықша үлес қосқан. Тараз, Отырар сияқты қалалар сауда мен білімнің ортасына айналып, Шығыс пен Батыс арасындағы идеялар мен техника түйіні ретінде қызмет етті. Қазіргі кезеңде Жібек жолының мұрасы еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруға және туристік ресурстарды дамытуға мүмкіндік береді, алайда бұл үдеріс мәдени ескерткіштерді қорғау мен тұрақты дамуды қамтамасыз ететін саясатпен үйлесуі тиіс. Болашақ зерттеулер үшін кешенді археологиялық экспедициялар, тарихи деректерді компьютерлік талдау және әлеуметтік-экономикалық әсерлерді бағалаудың интеграцияланған әдістері ұсынылады. Осылайша тарихи білім мен заманауи логистика арасындағы үйлесім Қазақстанның Ұлттық мүддесіне қызмет ететін тұрақты даму моделін қалыптастыруға негіз болады.

Ұлы Жібек жолы Қазақстан аумағының тарихи, мәдени және экономикалық дамуына терең әрі көпқырлы ықпал еткен өркениеттік құбылыс болып табылады. Зерттеу нәтижелері Жібек жолының қызметі тек сауда аймағымен шектелмей, өңірдің урбанистік құрылымына, әлеуметтік қатынастарына, діни және идеологиялық кеңістігіне тікелей әсер еткенін көрсетті. Тараз, Құлан, Мерке, Отырар, Сауран сияқты қалалар жол бойындағы ірі орталықтарға айналып, олардың әрқайсысы ерекше өндірістік, қолөнерлік және мәдени сипаттарымен ерекшеленді. Археологиялық материалдар -

керамика, теңгелер, әшекей бұйымдары, бекініс жүйелері - Қазақстан аумағының халықаралық сауда жүйесіне белсенді қатысқанын дәлелдейді. Қолөнердің дамуы, қалалардың жоспарлануы, көпқабатты мәдени қабаттардың қалыптасуы Жібек жолының ықпалымен тікелей байланыста болды. Сонымен қатар, жолдың бойымен тараған діни-ағартушылық идеялар өңірдің мәдени ландшафтын түрлендіріп, оны Еуразиядағы рухани алмасудың орталығына айналдырды. Зерттеулерді салыстырмалы-тарихи және топографиялық талдау әдістері арқылы бағалау Жібек жолының бағыттары мен олардың аймақтық динамикасын терең түсінуге мүмкіндік берді. Бұл тәсілдер Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан қалаларының даму кезеңдерін анықтап, олардың өркениеттік маңызын нақтылауға көмектесті. Жалпы алғанда, Жібек жолы Қазақстанның ортағасырлық қалаларының гүлденуіне, өңірдің экономикалық байланыстарының күшеюіне және мәдени ықпалдастықтың артуына негіз болды. Бұл тарихи тәжірибе қазіргі кезеңде де өзекті, себебі ел аумағының транзиттік әлеуетін арттыру, мәдени мұраны сақтау және тарихи бағыттарды ғылыми тұрғыда жүйелеу Қазақстанның стратегиялық дамуына маңызды үлес қоса алады. Осылайша, Жібек жолының мұрасы - тек өткеннің белгісі емес, бүгінгі ғылыми зерттеулер мен мәдени саясаттың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Байпақов К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шёлковом пути. - Алма-Ата, 1989. - 114-138 б.
2. Байпақов К.М., Ерзакович Л.Б. Древние города Казахстана. - Алма-Ата: Наука, 1971. - 35-43 б.
3. Байпақов К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI - начало XIII вв.). - Алматы, 1986.
4. Бартольд В.В. Тюрки и Великий шелковый путь. Собр. соч., т. VI. - М., 1968.
5. Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг. - М., 1966.
6. Бернштам А.Н. Памятники старинной Таласской долины. - Фрунзе, 1949.
7. Ақынжанов С.М. Көне түркілердің рухани мәдениеті. - Алматы, 1996.
8. Массон М.Е., Массон В.М. История Великого шелкового пути. - Ташкент, 1974.
9. Christian D. Silk Roads or Steppe Roads? The Silk Roads in World History. Journal of World History, 2000.
10. Hansen V. The Silk Road: A New History. - Oxford University Press, 2012.
11. Whitfield S. Life Along the Silk Road. - University of California Press, 1999.
12. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі. Жібек жолы бойындағы Қазақстан ескерткіштері жөніндегі археологиялық есептер. - Астана, 2017-2022.
13. Есенов С.Г., Естемесов Е.А. Жетісу және Талас өңіріндегі ортағасырлық қалалар жүйесі. - ЕҰУ хабаршысы. №5, 2017.
14. Ақылбек С.Ш., Байпақов К.М. Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың стратиграфиясы мен топографиясы. - Алматы, 2020.
15. Әл-Мақдиси. Ахсан ат-Таксим фи ма'рифат әл-Акалим (X ғ.). Қазақша және орысша аудармалар.
16. Әл-Идриси. Китаб Руджар. Ортағасырлық географиялық сипаттамалар.
17. UNESCO Silk Roads Programme. Silk Roads: Ancient Trade Routes and Cultural Exchanges. - Paris, 2019.

### **ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ - ҰЛЫ ДАЛА ӨРКЕНИЕТІНДЕ**

**Балапанова М.Б.**

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Кентбек С.Қ  
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті  
balapanovamarina5@gmail.com  
Қарағанды қ.

Керуен жолдарының тарамдалған жүйесі Жерорта теңізінен Қытайға дейін, Еуропа мен Азияны кесіп өтіп, ерте дүние мен орта ғасыр дәуірінде сауда байланыстары мен Батыс пен Шығыс мәдениеттері арасындағы тілдесуінің маңызды құралы қызметін атқарған Ұлы Жібек жолы, әлемдік өркениет тарихында ерекше орын алады. Тарихи деректерге көз салсақ, Ұлы Жібек жолының неғұрлым ұзақ үзгі Қазақстан мен Орта Азия арқылы өтетіндігі аян.